

AQTÓĞAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№32 (7869)

Жұма


12 тамыз

2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Айтылған бастамалар көңілге қонымды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты кезекті Жолдауының қазақстандықтар үшін мәні мен маңызы зор болды.

Жолдауда Мемлекет басшысы халықты Жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырды. Сонымен қатар, Жолдауда еліміздің әлеуметтік және экономикалық жағдайына маңыз бере отырып, Президент тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуі жолында түрлі маңызды жоспарлар енгізілетінін айтты. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Бүгінде еліміз Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезініп, татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсіне білуде. Сонымен бірге, Президент: «Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда. Сондықтан, баршаныңды Жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын. Халықтың қолдауымен мақсатымызға жетеміз деп сенеміз», – деген болатын.

Әрине, Жаңа Қазақстан өзінен-өзі құрыла

салмайтыны анық. Егемен еліміздің еңсесін тіктеуге, дамыған өркениетті елге айналдыру үшін баршамыз тонның ішкі бауындай, бір кісідей атсалысуымыз керек. Әсіресе, елдің ертеңі – жастар. Мемлекет басшысының ұсынған бағыты мен бағдарына тірек болып, Жаңа Қазақстанды құруға бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, жұмыла еңбек

етейік дегім келеді.

Сондай-ақ, ел басшысы Жолдауда ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтауымыз қажет екендігін баса айтты. Басты байлығымыз – Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтап, ұлттық бірегейліктің іргетасын нығайтуға жұдырықтай жұмылуымыз керек. Бұл – біздің келер ұрпақ алдындағы қасиетті парызымыз.

Президент өз сөзінде азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалайтынын ерекше атап өтті. Елінің амандығы мен тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ екенін тілге тиек етті. Жалпы, Жолдауда халықтың әл-ауқатын жақсарту, мемлекетіміздің әлжәтін нығайту мақсатында нақты жүзеге асатын шаралар айтылды дегіміз негіз бар. Онда жергілікті билік органдарың, азаматтық қоғамды, сондай-ақ, адам құқықтарын қорғау тетіктерін нығайту жөнінде айтылған бастамалар көңілге қонымды.

Ел Президентінің халыққа арнаған Жолдауы Жаңа Қазақстанның жаңа бағытта дамуына серпін беретініне сенеміз. Еліміз өркендеп, дами берсін!

М.Мәкенбаев,

Кежек ауылдық округінің әкімі.

Жаңаруға қарай нық қадам

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында елдің жарқын болашағын құрудың маңызды іс-әрекеттерінің бағытын белгіледі. Алдымызға қойылған биік мақсат – Жаңа Қазақстанды құруға тірек боларлық салаларға баса назар аударып, тоқталып өтті.

Жалпы, Жолдау барысында ел тағдырын шешетін маңызды шешімдердің халық-тың қатысуымен, ақылдаса отырып қабылданатындығы маңызды мәселе ретінде қозғалды. Осы бағытта «Ұлттық құрылтай» қоғамдық институтын құруды ұсынып, оның билік пен халық арасындағы дәнекер болатындығын атап айтты.

Мемлекетіміздің дамуы әкімшілік-аумақтық құрылымның жетілуімен де тығыз байланысты екені баршаға мәлім. Осыны тап басқан Мемлекет басшысы жергілікті халықтың талап-тілектерін ескере отырып, Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын құруды ұсынған болатын.

Ұлытау аймағының қуатты жетілуі экономикалық, рухани, туристік тұрғыдан маңызды екендігін ескере отырып, қабылданған шешім аумақ әлеуетін арттыруға жол ашады. Билікті кадрларымыз бен жалынды жастарымыздың шоғырын сақтап қалуға, олардың туған өлкеге қызмет етуіне зор мүмкіндік туғызатын шешім деп білеміз.

Президентіміз тілге тиек еткен ауызбіршілік, ақыл мен сабыр, парасат пен ұстанымдылықтың мәні ерекше. Тәуелсіздігіміз бен бейбітшілігіміздің қадірін түсіне отырып, мызғымас бірлікте жұмыс істеу – әрқайсысымыздың парызымыз.

Сөз соңында айтарым, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміз ғұмырлы болсын, еліміздің бірлігі артып, ырысы молая берсін!

А.Тазабеков,

Абай атындағы негізгі орта мектебінің директоры.

14 тамыз – Құрылысшылар күні

Құрметті құрылысшылар!

Сіздерді жыл сайын тамыз айының бастапқы күндерінде аталып өтілетін кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздердің мамандықтарыңыз ежелден шынайы құрмет пен сыйға лайықты.

Экономикамыз нығайып, елдің әлеуеті өркендеп, дамудың жаңа сатысына аяқ басқан кезеңде серпін алып отырған маңызды инфрақұрылымдық салада еңбек етіп жүрген құрылысшылардың алтын қолымен елімізде ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, заманауи сипаттағы зәулім ғимараттар бой көтеруде.

Бүгінде сіздердің кәсіби мерекелеріңізді атап өте отырып, егеменді Қазақстанның жеткен жетістіктерін ауыз толтырып айта аламыз. Мұнда сіздердің сүбелі үлестеріңіз бар.

Біздің ауданымыз күн санап көркейіп келеді. Үкіметтік бағдарламалар аясында ауданда жаңа мектептер мен емханалар және тұрғын үйлер салынып, елдің игілігіне жол тартуда.

Төзімділік, шеберлік, атқарушылық, ұйымдастырушылық сияқты қасиеттер – құрылысшының ажырамас бөлшегі. Ауданның құрылыс индустриясының даму тарихындағы үздік құрылысшылардың – нағыз шеберлердің, өзінің кәсіби мамандығына адал жандардың есімдерін ерекше атауға болады. Біз аталған саланың ардагерлеріне, игі еңбек дәстүрінің бастауында тұрған жандарға ерекше алғыс айтамыз.

Осы күні аймақтың барлық құрылысшыларына Ақтоғай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосқаны үшін шексіз алғыс айтамыз.

Кәсіби мерекелеріңіз қарсаңында сіздерге және сіздердің жақындарыңызға зор денсаулық, бақыт, байлық, шығармашылық еңбектеріңізге мол табыстар тілейміз.

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы
Р.Әбеуов

Конституция күні қарсаңында

Азаттығымынның айғағы

Конституция! Елдік пен мемлекеттілікті дәріптейтін және соны сақтайтын қасиетті заңдар жинағы ғана емес, ұлттың арнамысы мен ұятының қорғаны. Қазақстан Республикасының Конституциясына – 27 жыл Кеңестік тұрғысынан алғанда, мардымсыз уақыт. Алайда, халық болып қолдап, мәртебе беріп, мерейін үстем еткен басты заңымыз еліміздің өсіп-өркендеуіне айқын жол салып бергені де шындық.

Өз алдымызға дербестігімізді жария етіп, шаңырағымызды көтеріп, керегемізді кертген тұста, босағамызды берік ету үшін тарихи-саяси құжаттарды жанадан жасау қажеттігі туғаны мәлім. Экономикада реформалар қауырт жүріп жатты. Еліміз әлем алдында өзінің біртұтас ел екендігін, оның ешбір бөлшектенуіне жатпайтынын, ең бірінші – байлығы адам екенін айғақтап, демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуын белгілеген Ата Заңын жариялады.

Қолда бар деректерге сүйенсек, 1995 жылы көктемде жаңа Конституцияны дайындау жұмыстары басталғанын айтады. «Құрамына қазақстандық құқықтанушылардан басқа екі француз саясаткері де кірген сараптамалық-консультативтік кеңес Конституцияның алғашқы нұсқасын сараптау нәтижесінде оған елжүзі өзгерістер жасағанын» көлденең тартады мәліметтер. Содан соң халық талқылауынан өтіп, референдум арқылы өз күшіне енді. Сол уақытта Конституция жобасын талқылауға үш миллионнан астам Қазақстан азаматы жұмылдырылған. Нәтижесінде, бүкілхалықтық референдум арқылы 1995 жылдың 30 тамызында

қабылданғаны баршаға аян.

Сол арқылы Қазақстан халқы өз еркімен елді бірыңғай демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітті. Бүгінде жас мемлекетіміздің қол жеткізген табыстары – Ата Заңымыздың мықты әлжәтін дәлелі. Тұрақтылыққа, Отанымыздың басты байлығы – тыныштық пен бейбіт өмірге Конституцияның негізінде қолымызды жеткіздік. Ата Заңмен өмір сүру – демократияның жарқын көрінісі. Конституция талаптарына сай қоғамдағы қарым-қатынастарды реттейтін заңдар мен кодекстер жылдан-жылға өмірге еніп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалуда. Еліміздің оң өзгерістер мен дамуының бастауы да осы Конституцияда жатыр және Ата Заңымыздың негізінде халықтың еркіндігі, теңдігі, татулығы артып, бейбіт қоғам құрған еліміз татулықтың тал-бесігіне айналып отыр.

Иә, Конституция – осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты. Сонау әдет құқығынан Ата Заңға дейінгі аралықта қазақ мемлекеті дамудың түрлі сатысын өткерді. Басына бүлт үйірілген күндердің қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды да сол дала заңдары арқылы реттеп отырды. Ал бүгінде әлемнің саясат сахнасында өзінің нық орны бар мемлекет ретінде әйгілі. Ендеше, елдікті паш еткен бір белгі – Ата Заңның айбыны әманда асқақ болғай!

Ә.Ходжабергенова,

Сарышаған орта мектебінің мұғалімі.

Ақтоғай ауданының әкімі С.Әбеуованың 2022 жылдың III тоқсаны бойынша тұрғындармен тұрақты есеп беру кездесулерін өткізу кестесі

**Қазақстан Республикасы
Президентінің «Әкімдердің
халықпен кездесулерін өткізу
туралы» 2022 жылғы 3
наурыздағы №826 Жарлығын
іске асыру мақсатында аудан,
кент, ауыл, ауылдық округ
әкімдерінің есеп беруіне
байланысты елді мекендердің
өмір тіршілігін қамтамасыз
етудегі барлық мәселелер туралы
халықтың ұсыныстарын,
ескертпелері мен пікірлерін
қамтамасыз ету мақсатында
төмендегі белгіленген жерлерде
тиісті жәшіктер орнатылған:**

№	Кент, ауыл, ауылдық округ	Елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты мен орны (3-тоқсан)	Ескерту
1	Ортадересін ауылдық округі	Ортадересін елді мекені	17.08.2022 ж. Елді мекен 11.00	
2	Шашубай кенті	Шашубай кенті	17.08.2022 ж. Клуб үйі 16.00	
3	Тораңғалық ауылдық округі	Тораңғалық елді мекені	18.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
4	Тасарал ауылдық округі	Тасарал елді мекені	18.08.2022 ж. Клуб үйі 16.00	
5	Сарышаған кенті	Сарышаған кенті	19.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
6	Қарамөңде би ауылдық округі	Қуаныш елді мекені	22.08.2022 ж. Клуб үйі 16.00	
7	Кежек ауылдық округі	Ақши елді мекені	23.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
8	Жидебай ауылдық округі	Қарақой елді мекені	23.08.2022 ж. Клуб үйі 15.00	
9	Нүркен ауылдық округі	Жалаңтөс елді мекені	24.08.2022 ж. Елді мекен 11.00	
10	Сарытерек ауылдық округі	Кеңелі елді мекені	24.08.2022 ж. Елді мекен 16.00	
11	Айыртас ауылдық округі	Айыртас елді мекені	25.08.2022 ж. Клуб үйі 10.00	
12	Қусақ ауылдық округі	Қошқар елді мекені	25.08.2022 ж. Клуб үйі 15.00	
13	Абай ауылдық округі	Ақшкөл елді мекені	25.08.2022 ж. Клуб үйі 17.00	
14	Қарабұлақ ауылдық округі	Нарманбет елді мекені	26.08.2022 ж. Елді мекен 11.00	
15	Шабанбай би ауылдық округі	Қасабай елді мекені	26.08.2022 ж. Мектеп залы 16.00	
16	Қызыларай ауылдық округі	Ақжарық елді мекені	27.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
17	Ақтоғай ауылы	Ақтоғай ауылы	31.08.2022 ж. Мәдениет үйі 11.00	

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің 2022 жылдың III тоқсаны бойынша тұрғындармен тұрақты есеп беру кездесулерін өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі	Елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты мен орны (3-тоқсан)	Ескерту
1	Ортадересін ауылдық округінің әкімі Кркруов Сейткали Бейсембаевич	Ортадересін елді мекені	16.08.2022 ж. Елді мекен 11.00	
2	Шашубай кентінің әкімі Мангишев Нариман Джанатович	Шашубай кенті	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
3	Тораңғалық ауылдық округінің әкімі Боран Ардақ Серікұлы	Тораңғалық елді мекені	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
4	Тасарал ауылдық округінің әкімі Сейтов Нұржан Саулебайұлы	Тасарал елді мекені	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
5	Сарышаған кентінің әкімі Тоимбеков Ануар Сулейманович	Сарышаған кенті	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
6	Қарамөңде би ауылдық округі әкімі Азирова Қайрат Азирулы	Қуаныш елді мекені	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
7	Кежек ауылдық округінің әкімі Мәкенбаев Мейірбек Әзімханұлы	Ақши елді мекені	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
8	Жидебай ауылдық округінің әкімі Төлелбеков Марат	Қарақой елді мекені	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
9	Нүркен ауылдық округінің әкімі Құдайбергенов Жантемір Есбергеноұлы	Жалаңтөс елді мекені	16.08.2022 ж. Елді мекен 10.00	
10	Сарытерек ауылдық округінің әкімі Серкебаев Қанат Рахметоллаұлы	Кеңелі елді мекені	16.08.2022 ж. Елді мекен 11.00	
11	Айыртас ауылдық округі әкімі Бакиров Қанат Санатұлы	Айыртас елді мекені	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
12	Қусақ ауылдық округі әкімі Мұқатай Дархан Серікұлы	Қошқар елді мекені	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
13	Абай ауылдық округі әкімі Тұрғанбеков Қайыржан Бауыржанұлы	Ақшкөл елді мекені	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	
14	Қарабұлақ ауылдық округі әкімі Имангазин Аскар	Нарманбет елді мекені	16.08.2022 ж. Елді мекен 11.00	
15	Ақтоғай ауылының әкімі Болғанбаев Қайыр Нығметоллаұлы	Ақтоғай ауылы	16.08.2022 ж. Мәдениет үйі 11.00	
16	Шабанбай би ауылдық округінің әкімі Мурасов Аскар Какимович	Қасабай елді мекені	16.08.2022 ж. Мектеп залы 11.00	
17	Қызыларай ауылдық округінің әкімі Спанов Серікбол Армияұлы	Ақжарық елді мекені	16.08.2022 ж. Клуб үйі 11.00	

1. Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының ғимараты.
 2. Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының ғимараты.
 3. Қусақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 4. Айыртас ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 5. Абай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 6. Ақшкөл елді мекенінің мектеп ғимараты.
 7. Қарабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 8. Қарасу елді мекені.
 9. Дуанши елді мекені.
 10. Қызыларай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 11. Шабанбай би ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 12. Қасабай елді мекені.
 13. Бегазы елді мекені.
 14. Сона елді мекені.
 15. Жидебай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 16. Үшарал елді мекенінің мектеп ғимараты.
 17. Қарақой елді мекенінің мектеп ғимараты.
 18. Жалаңаш елді мекенінің мектеп ғимараты.
 19. Кежек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 20. Қарамөңде би ауылдық округінің мәдениет үйі.
 21. Қуаныш елді мекенінің мектеп ғимараты.
 22. Нүркен ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 23. Қаратал елді мекенінің мектеп ғимараты.
 24. Жалаңтөс елді мекенінің мектеп ғимараты.
 25. Жидебай елді мекені.
 26. Ақсенгір елді мекені.
 27. Сарытерек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 28. Жетімшоқы елді мекені.
 29. Ақтүмсық елді мекені.
 30. Кеңелі елді мекені.
 31. Шашубай кенті әкімі аппаратының ғимараты.
 32. Ортадересін ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 33. Ортадересін станциясы «Теміржол вокзалы» ғимараты.
 34. Ақжайдақ елді мекені «Теміржол вокзалы» ғимараты.
 35. Тораңғалық ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 36. Тасарал ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты.
 37. Сарышаған кенті әкімі аппаратының ғимараты.
- Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты.**



«Дипломмен ауылға» – болашаққа деген сенім

Ауылдық елді мекендердегі білікті маман тапшылығының орнын толтырудың бірден-бір жолы – «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы. Жастардың жігерін жанып, ынтасын арттыратын бұл мемлекеттік бағдарлама Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың назарынан да тыс қалмады. Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында аталмыш бағдарламаны қаржыландыруды 20 млрд. теңгеге жеткізуді тапсырған болатын.

Жолдауда: «Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы. Сондықтан, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруымыз қажет. Үкіметке келесі жылдан бастап осы бағдарламаны қаржыландыруды 20 миллиард теңгеге жеткізуді тапсырамын», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Айта кетейік, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы осыдан тура он жыл бұрын, 2009 жылдан бастап қолға алынған болатын. Бағдарламаның басты мақсаты – ауылдық елді мекендерге мамандар ағынын арттыру. Бағдарлама қолға алынғаннан кейін ауданымыздың ауылдық елді мекендерінде қаншама жас мамандар жұмысқа орналасты. Олардың қатарында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласының мамандары бар. Бұл ретте, ауылда өмір сүріп, жұмыс істеуге келген жас мамандарға әлеуметтік қолдау шаралары барын да тілге тиек ете кету қажет.

Әлеуметтік қолдау деп отырғанымыз – бірыңғай көтерме жәрдемақы мен тұрғын үй сатып алуға арналған бюджеттік несиелер. Айтайық, аталған бағдарлама

бойынша 2021 жылы 35 маманға 10209,5 мың теңге көлемінде көтерме жәрдемақы берілсе, 11 маманға тұрғын үй сатып алуға 44167 мың теңге бюджеттік несие берілген. Ал, 2022 жылы 25 маманға 7657

алу мүмкіндігі беріледі. Биыл айлық есептік көрсеткіш 3063 теңгені құрайды. Көрсетілген көмектерге қол жеткізген жас маман бағдарламаның шарты бойынша жұмыс орны орналасқан елді мекенде 3

басшыларымен кредит берешектерін азайту туралы ZOOM режимде кеңестер тұрақты өткізіліп, несие шарттарын орындамай отырған мамандармен жұмыс жүргізіліп отырылады, – дейді П.Темірбек.

Сала басшысының айтуынша, бүгінде мемлекеттің тарапынан осы бағдарламаның көмегімен ауданға жұмыс істеу үшін және тұру үшін келген мамандар баспаналы болып, бір рет берілетін жәрдемақы алып, отбасын құрып, ауданымызда тұрақты жұмыс істеуде. Алайда, тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несие алған мамандардың ішінде несиелерін төлемей отырған мамандар да бар. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының келісім-шартын орындамаған 11 маман бюджеттік кредитті, 40 маман көтерме жәрдемақыны мемлекеттік бюджетке қайта қайтарған. Аудан бойынша 48 бюджеттік кредит алушы маман үстіміздегі жылдың 1 шілдесінде 5633302 теңге мерзімі өткен берешекке жол берген. Келісім-шарт негізінде 6 маманның ісі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуде.

Қорыта айтқанда, қайнаған тіршіліктің ортасы саналатын ауылды аймақ – жастар үшін үлкен мектеп. Ал, нағыз маман сол саланың ісін көзімен көріп, қолымен ұстаса ғана қалыптасағаны өздеріңізге белгілі. Сондықтан, шағын ғана ауылдың киіры көп тіршілігін құрықтай алған бүгінгі жас маман, ертең үлкен саланың білікті қызметкері болары анық. Бұл орайда, бағдарлама түлектері қазіргі ауылдың ертеңгі мемлекеттің көркеюіне зор ықпалын тигізетін капитал іспетті.

Яғни, ертеңгі ел тұтқасын ұстар нағыз мамандарды шындайтын «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы – кадр біліктілігіне қатысты ескеріле бермейтін, бірақ маңызы зор мәселелердің шешімін табуға ықпал етуші бастама екені сөзсіз.

Думан ҚАБЫЛ.



мың теңге көтерме жәрдемақы, 15 маманға бюджеттік несие беру жоспарланған.

Ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Перизат Темірбектің бізге берген мәліметіне сүйенсек, үстіміздегі жылдың 6 айында 12 маманға 3675,6 мың теңге көтерме жәрдемақы төленген. Сонымен қатар, 11 маманға тұрғын үй сатып алуға 45945,0 мың теңге бюджеттік несие берген.

– Бағдарламаның басты мақсаты – ауылды аймақтарды қажетті сала бойынша мамандармен қамтамасыз етіп, мамандарды ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан көтерме жәрдемақы (100 айлық есептік көрсеткіш – 306 300 теңге) мен баспана алуға жеңілдетілген несие (1500 айлық есептік көрсеткіш – 4 594 500 теңге) 15 жылға дейінгі мерзімге жылдық 0,01% мөлшеріндегі сыйақысы мөлшерлемесімен бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау шараларын

жыл мерзім қызмет істеуге міндеттеме қабылдайды және әр тоқсан сайын жұмыс орнынан тиісті орынға анықтама өткізіп тұруға міндетті.

ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығына сәйкес «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша әлеуметтік қолдау шараларын пайдаланатын мамандар өтініші «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы және «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электрондық форматта қабылданады. Сонымен қатар, ауданның экономика және қаржы бөлімінде өзін-өзі қызмет көрсету бұрышы құрылған.

Бағдарлама талаптарын түсіндіру барысында бөлімнің әлеуметтік парақшасында үнемі тікелей эфирлер, сұхбаттар жүргізіледі және жергілікті басылымдар мен сайтқа мақалалар жарияланады. Сонымен бірге салалық бөлім, мекеме



COVID-19

Қазақстанда өткен тәулікте корона-вирус ауруының 1651 жаңа жағдайы тіркелді. Қарағанды облысында жаңа ауырғандар – 191, аймақ «жасыл» аймақта. Пандемия басталғалы бері 2022 жылғы 11 тамыздағы жағдай бойынша ел көлемінде COVID-19 расталған 158 235 жағдай тіркелген.

Күні кеше «Ақтоғай ауданы орталық ауруханасы» КМК-нің директоры Елдос Джумажанов аудандағы эпидемиологиялық жағдай туралы Instagram желісі арқылы тікелей эфирден ақпар берді. Сала басшысының айтуынша, Covid-19 ауруы себебіне инфекциялық бөлімде 20 төсек-орын, қосымша 29 орын және реанимация бөлімінде 3 орын ашылған. Қазіргі таңда аурухана стационарында КВИ инфекциясы бойынша оң көрсеткішпен ем қабылдап жатқан адам жоқ.

2022 жылдың қаңтар айынан бастап, Covid-19 ауруымен 64 адам тіркелген. Ал, тамыз айының 9-ы күні 7 адамнан Covid-19 ауруы оң нәтиже берген. Вирус жұқтырған науқастар бүгінде үй-қамағында карантинде.

– Ковид инфекциясына қарсы аудан

Сақтық шараларын күшейту қажет



бойынша 6883 адам вакцинаньң 1-ші компонентін алды. Жалпы, жоспардың 85%-ын құрап отыр және екпенің 2-ші компонентін қабылдағандар саны 5637 адамды құрайды. Ревакцинацияланғандар саны – 3048 адам, қайта ревакцинациялаудан өткендер саны – 245 адам. Қазіргі таңда ауруханамызда қолданыста бар вакциналардың тізіміне көз жүгіртсек, бүгінгі таңда бізде Vero cell 1-компоненті бойынша – 56, Vero cell 2-компонентінен 10 дозасы бар. Сонымен қатар, Vero cell ревакцинациядан 276 дозасы қалды. Ал, Pfizer 2 компонентінің 42 дозасы бар, – дейді Е.Джумажанов.

Аудан эпидемиологтары коронавирусы инфекциясын жұқтыру және штамның одан әрі берілу қаупін азайту үшін вакцинациялауды және қайта вакцинациялауды ұсынады. Сондай-ақ, сақтық шараларын күшейтуге шақырады. Мамандардың айтуынша, ауру жағдайында да вакцинация оны оңай өткізуге, сондай-ақ реанимацияға жетпеуге мүмкіндік береді.

Д.Бақышев.

10 тамыз – Абай күні

«Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат...»

Абайдың шығармашылық өнер-намасында өзінің ұстанымын, көзқарасын танытатын «сөз сарасы», «сөз майы», «сөз мәнісі», «шын сөз», «қасиет тұтып, ойға ұмтыл қан қайнап, қуат егілсін!», «қуаты күшті нұрлы сөз», «таза ойла», «сөздің шыны», «ақыл сөз», «жақсы сөз» дейтін кесек-кесек, лек-лек мағыналы ұғымдар ақын поэзиясының асыл сипаттарын айқын танытады.


1886 жылы жазылған «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат» дейтін жыр-толғауы жанды сыр-сұхбат, әңгіме айту, ақыл қосу, жас берендердің ой-санасын, көңіл сарайын күмбірлетіп, оятып-серпілту үлгісінде өзінің мол тәжірибесімен ортақтасу, бөлісу тұрғысынан жазылғандай. Шығыс өркениеті мен Ұлы дала мәдениеті тарихында жақсылардың мәслихаты – сұхбат, әңгімелесу түрінде ұйымдастырылған. «Жақсы адаммен бірге болып сұхбаттасу жұпардай өсер қалдырады (өзің де сондай боласың)», деген Мұхаммед (с.ғ.с.) өз хадистерінде. Я болмаса Алла мен оның Елшісі 90 мың тақырып бойынша (шариғат – 30 мың, тариқат – 30 мың, хақиқат – 30 мың) сұхбаттасқан. Сұхбат құру, мәжіліс жасау – ұлттың интеллектуалдық әлеуетін жақсартады. Ертеде шахтар қабылдау (меджлис) жасап, өлең оқып, музыка тыңдайды екен.

Халық қызметкері Абай да сұхбаттасу, әңгімелесу дәстүрін гүлдендірген, кең қолданысқа енгізген, жанды құбылысқа айналдырған, ел игілігіне жаратқан. Ол да тыңдау өнеріне баулып, шәкірттерді оқытқан. Себебі, 1880 жылы Жидебайда медресе ашқан. Абайдың ұлттық дүниетанымы, пәлсапалық көзқарасы, мәдени дәрежесі, ойшыл зеректігі ел қайғысын ойлаған, ілгеріні болжаған. Сұңқарлық санаты, тылсым табиғаты елден ерек екені жырында да, сырында да тұнып тұр.

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.
Немесе:
Керек іс бозбалаға – талаптылық,
Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Болмаса:
Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Әйтпесе:
Кемді-күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріндікін бірін жеткіз!
Күншілдіксіз тату бол шын көзімнен,
Қиянатшылық болмақты естен кеткіз!
– дегенінде жібектей есілген жақсы қылыққа, қараса ханнан көзі өткір, сөйлесе жаннан сөзі өткір қасиеттерге ие «шын көңілмен» «шын күлгерлік», жүзі шұғыла, шынар тұлға «сүйікті ер», «ер жігіт» болса екен деген ұлы тілек, ұлы уайымы бар.

Абай ер жігіт тағдырында жар тандаудың мәнісі хақында:
Бір еуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсекызар нәпсіге ерме.
Әйел жақсы болмайды көркімнен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме,
– деп, «өкенсікқойлық», «өкенсікқұмар» дегендерден ада болып, сана сабырлығына бас ию, тұрлаулықты темірқазықтай тірек ету ләзім.

Адам өмірі мен тағдырының жай-күйін жүйрік зерделейтін, ұшан-теңіз білімнің, өлшеусіз тәжірибенің, интуицияның иесі



Абай:
Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма, – деп,
қандай құсты қолға қондыру керектігін нақтылап, шегелеп жеткізеді.
Осы бір даналық тағылым, мағыналы өсиет Жүсіп Баласағұнның:
Тегі таза, құтты болсын тамыры,
Ұяты мол, инабаты һәм ірі.
Қол тимеген, болсын аттап шықпаған,
Сенен басқа еркек бар деп ұқпаған.
Сені сүйіп, сенен басқа іздемес,
Жаман қылық, жарамсыз іс істемес, – деген бөйіттерімен үндеседі.
«Толқынын жүрегіннің хаттай таныр» пейіштің шынарындай, уылжыған уыздай әйел затын:
Майысқан, бейне гүлдей толықсыған,
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.
Әйтпесе:
Ақыл керек, ес керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас, қатын зерек, – деп,
кемел сипаттап, сұлу сезіммен суреттейді.
Нені айтса да сөздің алмастай өткірін, ұятысын қолданатындығына «Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез», «жырған-тырған», «сасық ми» деген сөздерін мысалға келтіруге болады.
Қазақ қауымы ішінде қай заманда да көріксіз, өрескел жайттар да, сыздауықтар да жетерлік болған. Бұл Абай сынынан да тыс қалмады. Ақын:
Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,
Тілеуі, жақындығы – бәрі сату, – деп
түнілсе, үміті кесілсе:
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас
қайран тату! –
деп, көңілі сүйсінеді.
Тағы да:
Пайда деп, мал деп туар ендігі жас, – деп
шошынады.

Түттеп келгенде, бұл өленде заман келбеті, әлдемілік қайшылықтар, ел ортасындағы ахуал, адамдардың төртбі (жалақорлық, жанжалқұмарлық, арыз-құмарлық, опасыздық), пейіл қарым-қатынас шынайы көрсетілген.
Стратег Абай зәре-құтыңды қашыратын жантүршігерлік жаманшылықтардан қорғайтын қамал-қорғанын:
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,
Өзі зордың болады ығы да зор, – деп,
ғибратты пікір ұсынады.
Абайдың «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат» дейтін жаратындысы – оның өскен-өнген өлкесінде сұхбат құрудың, әңгімешілдік, шешендік өнердің өрге өрлегендігін, өркендегеніне бірегей өнегелі мысал Сұхбат – тәрбие мен білім құралы.
Психологиялық әсері мол ақын дауысында мейір, тазалық, сыршылдық, құштарлық, рухани кеністік пен кемелдік бар.
Жақсыдан қалған көз – Көкбай Жанатай-ұлының мына бір әдеби шығармашылық дерегінен елеулі мәлімет аламыз:
Семейге Абай келсе бізде думан,
Ән салып босаймыз айғай-шудан.
Басқосу, бақастасу, мәжіліс құру,
Секілді бір ғылымның жолын қуған.
Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,
Өзгелер отырады ауызын бұған.
Бір барсан мәжілісінен кеткің келмес,
Хакімдей Аплатон анырап тұрған.
Келбетіне, біліміне лайықты,
Япыр-ау, мұндай адам қалай туған.
Мұнда Абайдың туа бітті әңгімешілдік, сұхбат құру өнерін толық түсіндіріп түйіндеген.
Келешектің тұлғасын тәрбиелеуді мақсат тұтқан Абай – ұлт рухының символы.

Серік Негимов,
«Абай әлемі» сайтынан

ЖИЫРМА БЕСІНШІ СӨЗ

Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер даруларға, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек. Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Ашап-ішімге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына уә әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім түгілі өнер керек екен. Соны үйретейін не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуың, ғылымың білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды. Дінге де жақсы білгендік керек. Жорғалықпен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртың, дінің, адамшылығың жауырынынан бір қақанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, к...і ашылса да, қам жемейді. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты андысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбіесе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылуың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек. Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны, бір жағынан, бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар – ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. Не қылса да сөзді ұқтырса болады оларға. Жақсы атаның балалары да көп оқыған жоқ, қайта, кедейдің балаларын орысқа қорлап берді. Олар осыдан артық қайда барсын? Және де кейбір қазақтар ағайынымен араздасқанда: «Сенің осы қорлығыңа көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!» деуші еді. Осындай жаман сөзді, құдайдан қорықпай, пендеден ұялмай айтқан қазақтардың баласы оқығанмен не бола қойсын? Сонда да өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, қай көп үйреніпті? Кірді, шықты, ілді, қайтты, түбегейлеп оқыған бала да жоқ. Әкесі ел ақшасымен оқығанға өрең оқытады, өз малын не қылып шығарсын? Тұрасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барынды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?

1894 ж.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурса ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Ақтоғай ауданының әкімдігі жер учаскелерін 2022 жылдың 25 қазан күні сағат 15.00-де конкурс өткізеді. Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4.

№ п/п	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ манайы, жер учаскесінің лот №)	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Суммә қамтамасыз етілуі	Өзге де
				Егістік	Шабындық	Жайылымдық	Басқа алқаптар			
1	Шабанбай би ауылдық округі лот №58	Мал шаруашылығы	2542,0195 15 жыл		65,0000	2422,3000	5,4000		Қамтамасыз етілмеген	
2	Жер қоры лот №59	Мал шаруашылығы	1900,0300 15 жыл			1896,4000	3,6000		Қамтамасыз етілмеген	
3	Жер қоры лот №60	Мал шаруашылығы	2000,0000 15 жыл			1995,9000	4,1000		Қамтамасыз етілмеген	
4	Қусак ауылдық округі лот №61	Мал шаруашылығы	2000,0209 15 жыл			1995,8000	4,2000		Қамтамасыз етілмеген	
5	Жер қоры лот №62	Мал шаруашылығы	2400,0100 15 жыл			2394,1000	5,9000		Қамтамасыз етілмеген	
6	Жер қоры лот №63	Мал шаруашылығы	2507,9529 15 жыл			2506,2429	1,7000		Қамтамасыз етілмеген	
7	Абай ауылдық округі лот №64	Мал шаруашылығы	1131,4609 15 жыл			1125,3600	6,1000		Қамтамасыз етілмеген	
8	Қусак ауылдық округі лот №65	Мал шаруашылығы	1400,0200 15 жыл		6,0000	1362,3000	5,4000		Қамтамасыз етілмеген	
9	Қусак ауылдық округі лот №66	Мал шаруашылығы	1000,3940 15 жыл			998,3000	0,3940		Қамтамасыз етілмеген	
10	Жер қоры лот №67	Мал шаруашылығы	1700,0100 15 жыл			1696,1000	3,9000		Қамтамасыз етілмеген	
11	Қусак ауылдық округі лот №68	Мал шаруашылығы	1141,3500 15 жыл			1138,7300	2,6000		Қамтамасыз етілмеген	
12	Жер қоры лот №69	Мал шаруашылығы	2000,0000 15 жыл			1919,7000	0,2000		Қамтамасыз етілмеген	
13	Айыртас ауылдық округі лот №70	Мал шаруашылығы	2000,6743 15 жыл			1992,2000	7,8000		Қамтамасыз етілмеген	
14	Жер қоры лот №71	Мал шаруашылығы	2573,0018 15 жыл			2566,9000	6,1000		Қамтамасыз етілмеген	
15	Жер қоры лот №72	Мал шаруашылығы	2750,0100 15 жыл			2748,4000	1,6000		Қамтамасыз етілмеген	
16	Қусак ауылдық округі лот №73	Мал шаруашылығы	1602,3405 15 жыл			1568,5000	7,1000		Қамтамасыз етілмеген	
17	Шабанбай би ауылдық округі лот №74	Мал шаруашылығы	360,0083 15 жыл			358,4000	1,6000		Қамтамасыз етілмеген	
18	Жер қоры лот №75	Мал шаруашылығы	2000,0100 15 жыл			1998,3000	1,7000		Қамтамасыз етілмеген	
19	Жер қоры лот №76	Мал шаруашылығы	2300,0000 15 жыл			2298,7000	1,3000		Қамтамасыз етілмеген	
20	Қусак ауылдық округі лот №77	Мал шаруашылығы	2002,7836 15 жыл		19,0000	1929,4000	6,0000		Қамтамасыз етілмеген	
21	Абай ауылдық округі лот №78	Мал шаруашылығы	1501,0209 15 жыл			1498,6000	1,4000		Қамтамасыз етілмеген	
22	Кежек ауылдық округі лот №79	Мал шаруашылығы	3000,0218 15 жыл			2989,1000	10,9000		Қамтамасыз етілмеген	
23	Айыртас ауылдық округі лот №80	Мал шаруашылығы	2500,0605 15 жыл			2497,4000	2,6000		Қамтамасыз етілмеген	
24	Жер қоры лот №81	Мал шаруашылығы	4000,0309 15 жыл			3989,5000	10,5000		Қамтамасыз етілмеген	
25	Айыртас ауылдық округі лот №82	Мал шаруашылығы	3000,0861 15 жыл			2988,3000	11,7000		Қамтамасыз етілмеген	

ЕСКЕРТПЕ:

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурса қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) Конкурса қатысуға арналған өтінім; 2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылық дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген

агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сәнімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сәнімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Конкурса қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурса өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, 2022 жылғы 4 қазаннан бастап 2022 жылдың 24 қазаны аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурса шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернетресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 8710-37-2-12-92; 2-13-83 алуға болады.

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» извещает список о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства, который состоится 25 октября 2022 года 15.00 ч., по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Ақтоғай, улица Ә.Бөкейхана, 4.

№ п/п	Направление от ближайшего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйственная специализация региона	Общая площадь Срок аренды лет	Сельхоз угодия в.т.ч				средний балл бонитета	Водообеспеченность	Другие
				Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угодия			
1	с/о Шабанбай би лот №58	Для животноводства	2542,0195 15 год		65,0000	2422,3000	5,4000		Нәобеспечен	
2	Земли запаса лот №59	Для животноводства	1900,0300 15 год			1896,4000	3,6000		Нәобеспечен	
3	Земли запаса лот №60	Для животноводства	2000,0000 15 год			1995,9000	4,1000		Нәобеспечен	
4	с/о Кусак лот №61	Для животноводства	2000,0209 15 год			1995,8000	4,2000		Нәобеспечен	
5	Земли запаса лот №62	Для животноводства	2400,0100 15 год			2394,1000	5,9000		Нәобеспечен	
6	Земли запаса лот №63	Для животноводства	2507,9529 15 год			2506,2429	1,7000		Нәобеспечен	
7	с/о Абай лот №64	Для животноводства	1131,4609 15 год			1125,3600	6,1000		Нәобеспечен	
8	с/о Кусак лот №65	Для животноводства	1400,0200 15 год		6,0000	1362,3000	5,4000		Нәобеспечен	
9	с/о Кусак лот №66	Для животноводства	1000,3940 15 год			998,3000	0,3940		Нәобеспечен	
10	Земли запаса лот №67	Для животноводства	1700,0100 15 год			1696,1000	3,9000		Нәобеспечен	
11	с/о Кусак лот №68	Для животноводства	1141,3500 15 год			1138,7300	2,6000		Нәобеспечен	
12	Земли запаса лот №69	Для животноводства	2000,0000 15 год			1919,7000	0,2000		Нәобеспечен	
13	с/о Айыртас лот №70	Для животноводства	2000,6743 15 год			1992,2000	7,8000		Нәобеспечен	
14	Земли запаса лот №71	Для животноводства	2573,0018 15 год			2566,9000	6,1000		Нәобеспечен	
15	Земли запаса лот №72	Для животноводства	2750,0100 15 год			2748,4000	1,6000		Нәобеспечен	
16	с/о Кусак лот №73	Для животноводства	1602,3405 15 год			1568,5000	7,1000		Нәобеспечен	
17	с/о Шабанбай би лот №74	Для животноводства	360,0083 15 год			358,4000	1,6000		Нәобеспечен	
18	Земли запаса лот №75	Для животноводства	2000,0100 15 год			1998,3000	1,7000		Нәобеспечен	
19	Земли запаса лот №76	Для животноводства	2300,0000 15 год			2298,7000	1,3000		Нәобеспечен	
20	с/о Кусак лот №77	Для животноводства	2002,7836 15 год		19,0000	1929,4000	6,0000		Нәобеспечен	
21	с/о Абай лот №78	Для животноводства	1501,0209 15 год			1498,6000	1,4000		Нәобеспечен	
22	с/о Кежек лот №79	Для животноводства	3000,0218 15 год			2989,1000	10,9000		Нәобеспечен	
23	с/о Айыртас лот №80	Для животноводства	2500,0605 15 год			2497,4000	2,6000		Нәобеспечен	
24	Земли запаса лот №81	Для животноводства	4000,0309 15 год			3989,5000	10,5000		Нәобеспечен	
25	с/о Айыртас лот №82	Для животноводства	3000,0861 15 год			2988,3000	11,7000		Нәобеспечен	

(Жалғасы 6-бетте).

(Соңы. Басы 5-бетте).

ПРИМЕЧАНИЕ

Заявка на участие в конкурсе физических и юридических лиц по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) Заявка на участие в конкурс; 2) Конкурсные предложение.

Конкурсное предложение должно содержать:

Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовие сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) Обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) Обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры

посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение предоставляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц.

Прием регистрация и заявок на участие в конкурсе проводится по истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса от 04 октября 2022 года до 24 октября 2022 года.

Извещению землеустроительных схем сельхозугодий выставляемых на конкурс можно прочитать на интернет-ресурсе местных исполнительных органов и специальных информационных стендах сельских округов и ГУ отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства Актогайского района Карагандинской области.

Полную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Актогайского района» Контактные телефоны: 8 (71037) 2-12-92; 2-13-83.

АБ

«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы»



Серікбол ДӘКӘРІМ:

– Палатаның көздеген мақсаты, қоғам алдындағы міндетіне тоқталсаңыз...

– ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы 2013 жылдың 9 қыркүйегінде құрылған. Құрылғандағы мақсаты – кәсіпкерлік саласын дамыту үшін бизнес өкілдері мен атқарушы билік арасында тиімді әріптестік орнату. Бизнес өкілдерінің құқығын қорғау және кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру.

Палата мемлекеттік емес, өзін-өзі басқаратын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы мемлекеттік бағдарламалардың қаржылай емес құралдарын іске асырушы ұйым болып табылады. Яғни, палата ақша бермейді. Біздің міндет – кәсіпкерлікке баулу, кәсіпті дамытуда жол көрсету. Қаржыландыруға дейінгі жұмыстар. Филиал жанында аудандық кәсіпкерлер кеңесі, іскер әйелдер кеңесі жұмыс жасайды.

2018 жылдан бастап бизнес өкілдеріне қолдау шараларын қолжетімді ету мақсатында SERVICES. АТАМЕКЕН. KZ сайты іске қосылды. Қазіргі таңда бизнес өкілдері кез келген жерден интернет арқылы рекеркті қолдауларды қашықтықтан алуға мүмкіндік алды. Сайтта бизнес-жоспарға, құқықтық, бухгалтерлік, маркетингтік және

Шағын кәсіпкерлік мемлекет тарапынан үлкен қаржылық қолдауға ие. Әсіресе, ауылдық жерлерде жастар мен жұмыссыз адамдарды кәсіби бейімдеу мен өз ісін ашуға Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүйелі жұмыс жасап, жыл сайын ауыл тұрғындарын кәсіби бейімдеуден өткізіп, өз кәсібін ашуға дәнекер болып отыр. Бүгін біз Қарағанды облысы бойынша Кәсіпкерлер палатасы Ақтоғай аудандық филиалының директоры Серікбол ДӘКӘРІМДІ әңгімеге тартып, тақырып төңірегінде ой өрбітпекпіз.

«Қазіргі таңда жастарды жұмыспен қамтуға баса назар аударатын кез келді. Жыл сайын еңбек нарығына 300 мыңға жуық жас шығады. Елімізде өскелең ұрпақтың өзін-өзі дамытуына жағдай жасалып жатыр...»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Осы орайда, Кәсіпкерлер палатасы несиелер алуға қажетті құжаттардың дұрыс әрі толық жиналуына қол ұшын береді. Яғни, несиелер құжат жинаушылар Кәсіпкерлер палатасы арқылы құжаттар тізбесін толық жинастырып, қаржылық институттарға несиелер алуға дайын барады. Бұл дегеніміз, біріншіден, несиелер алушылардың жол шығындарын азайтады, екіншіден, уақытын үнемдейді. Нәтижесінде, толық құжаттары жиналған жобалар 2 апта көлемінде, тіпті, одан да аз мерзімде

100-ден аса адам өзін-өзі жұмыспен қамтыды. 183 жылқы малы, 58 сиыр малы, 68 ұсақ мал алынды. 1 жүк тасушы «ГАЗель» көлігін алды.

Кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы жергілікті бизнес өкілдерінің құқығын қорғау мақсатында 10 аудандық комиссияның құрамында отырыстарға қатысып, мәселелердің оң шешілуіне жұмыс жасап келеді.

Жыл басынан мемлекеттік органдар тарапынан 17 қаулы, шешім жобаларына сараптамалық

«Кәсіпкерлер қатары артып келеді»

тағы басқа көптеген қызметтерге тегін тапсырыс беруге болады. Осы орайда, филиалда интернет желісіне қосылған өзіне-өзі қызмет ету бұрышы жұмыс істеп тұр.

– Көрсетілетін қызмет түрлері туралы нақтырақ айттың ба?

– Кәсіпкерлер палатасының бизнес өкілдеріне көмек көрсету бағыттарының бірі жобаларды сүйемелдеу болып табылады. Яғни, кәсіпкерлер палатасы бизнес жобаларды ашылуынан бастап, толық қаржы алғанға дейін сүйемелдейді. Осы бағыттың жүзеге асу жолдары төмендегіше жүзеге асады.

Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, бірінші кезекте жалпы бизнес туралы түсінікті қалыптастыру мақсатында «Бастау-Бизнес» жобасы арқылы кәсіпкерлікке баулу, бизнес-жоспар құрастыруда көмек беру іске асырылады. «Бастау-Бизнес» жобасы арқылы бизнес құрсын оқыған жобалар толықтай бизнес-жоспармен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік бағдарламалар арқылы пайыздары төмен несиелер алуға көмек көрсетіледі. Несиелер алуға үміткерлер тиісті құжаттар жинауда көптеген қиындықтарға кезігеді.

несиелерін алуға жол ашылды.

Несиелер алғаннан кейінгі сүйемелдеу. «Бастау-Бизнес» жобасы арқылы оқып, несиелер алған жобалар бір жылға дейін Кәсіпкерлер палатасының сүйемелдеуінде болады.

Яғни, несиелер алғаннан кейін қаржы институттарына тапсырылатын есептердің дұрыс толтырылуына көмек көрсету, басқа да туындаған қиындықтарды шешуге көмек беру – Кәсіпкерлер палатасының міндеті. Жан-жақты қолдау нәтижесінде кәсіпкерлер қатары артып келеді.

– Аудан бойынша өткен жылы қанша адам кәсіби бейімдеуден өтіп, өз ісін ашты?

– «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша 2021 жылы 75 адам оқыды. Оқуды аяқтаған соң жобаларына қаржы институттарынан несиелер, мемлекеттен гранттар алды. Нақты айтар болсақ, Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы 42 жоба – 151 млн. теңге, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы арқылы грант алған 81 жоба 47,2 млн. теңге алды. Бағдарламалардың нәтижесінде жаңадан 105 бизнес субъектісі кіріс басқармасына тіркелді. Сөйкесінше,

қорытынды беруге сұраныс түсті. Барлығы бойынша да оң нәтижелі сараптамалық қорытынды берілді. Себебі, кәсіпкерлердің құқығына нұқсан келетін шаралар қарастырылмаған.

– Филиалдың биылғы жұмысы жайлы не айтасыз?

– Биылғы жылы да палата өз жұмысын жүйелі жалғастырып келеді. Атап айтқанда, бес айдың мұғдарында «Атамекен» ҰКП жаңа форматта жұмыс істеу мақсатында жұмыстар жүргізуде. Филиал да жоғары басшылық тарапынан берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жүргізуде. Бүгінде бизнес өкілдерінен ұсыныстар қабылдаумен айналысуда.

Алайда, өкінішке қарай, қазіргі таңда кәсіпкерлікке баулу, мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несиелер беру жұмыстары уақытша тоқтап тұр. Себебі, Үкімет тарапынан бизнес өкілдерін қолдау мақсатында жаңа бағдарламалар қарастырылуы үстінде.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ. («Орталық Қазақстан» газетінен).

Салауатты өмір салты

Спорт күні мерекеленді

Халқымыз ежелден денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған. Осы қағиданы берік ұстанған мемлекетіміз ел халқының ойы сергек, дені сау болуы үшін қолда бар мүмкіндіктің бәрін жасауда. 2003 жылдың 15 қарашасындағы Президент Жарлығына сәйкес, тамыз айының үшінші жексенбісі Спорт күні болып атап өтіледі.

Дені сау ұлт бәсекеге қабілетті болады. Сондықтан, спорттың бұқаралық сипатын дамыту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында бұқаралық спортты дамытуға тапсырма берген болатын. 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар жасаудың маңыздылығына тоқталды.

«Өскеден ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет. Қаржы тапшылығы жағдайында кәсіби спорт клубтарын толығымен мемлекет есебінен ұстаудың мағынасы жоқ. Мемлекет пен квазимемлекеттік компаниялардың бюджетінен миллиардтаған теңге тиімді жұмсалмайды. Бұқаралық спортқа, дене шынықтыруға және әрине, балаларға басымдық беру керек».
ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Спорт күні мерекесіне орай Ақтоғай ауданында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Соның бірі орталық стадионда ауыл тұрғындарының қатысуымен өтті.

– Спорт саласы Қазақстанда кең қолдауға ие. Қазақстандық спортшылар соңғы онжылдықтарда халықаралық жарыстарда, Олимпиада ойындарында үздік нәтижелерді көрсетіп келеді. Мемлекеттің өзі беделді халықаралық жарыстарды өткізетін орынға айналуда. Бұл Қазақстанда спорт мәдениетінің жоғары деңгейде дамуының әлемдік мойындалуын көрсетеді. Сонымен



Таяуда Спорт күніне орай аудан басындағы орталық стадионда жасөспірімдер арасында мерекелік жарыс болып өтті. Сайыс барысында жастар ленті тебу, 30 және 60 метр қашықтыққа жүгіру, скакалка секіруден сынға түсті. Айшықты шараға ауданның мәслихат хатшысы Рашид Әбеуов, аудан әкімінің орынбасарлары мен ауыл тұрғындары қатысты.

Шараны аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов құттықтау сөзімен ашты.

қатар, аудан спортшылары облыстық, республикалық додаларда жақсы жетістіктерге қол жеткізуі, өмірде спорттың бұқаралылығы артқандығын білдіреді, – деп, 2021-2022 жылы облыстық, республикалық жарыстарда жоғары нәтижеге қол жеткізген спортшыларды және аталмыш саланың дамуына үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлерді аудан әкімінің Құрмет грамотасы, сыйақысымен марапаттады.

Думан Амангелдіұлы.

Еске алу



Қуаныш ауылының тумасы, аудандық ішкі істер бөлімінде абыройлы еңбек еткен отбасымыздың тірегі, ардақты әкеміз **Айтжанов Қайрат Серікұлының** фәниден бақиға озғанына бес жылдың жүзі болыпты. Қанша уақыт өтсе де, әкеміздің жылы жүзін, қамқорлығын, мейірімі мен аялы алақанының жылуын біз ұмытқан емеспіз. Әкеміздің рухы қашанда бізбен бірге деп сезінеміз, ол бізге ізгілікті жол сілтеп тұрады, оның жарқын бейнесі мәңгі жүрегімізде сақталады.

Алланың ісіне не шара, ендігі уақытта әкемізге Алла пейіштің төрінен орын бұйыртып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, артта қалған ұрпақтарын желеп-жебеп жатсын деп тілейміз.

Кетсең де, аяулы әке, арамыздан, Өшпейді асыл бейнең санамыздан. Жәннаттың төрінде бол, жан әкетай, Көнеміз, еш қайран жоқ шарасыздан. **Сағына еске алушы: анамыз – Жанар, балалары – Қуаныш-Гүлзира, Елнар-Анара, Еркебұлан және немерелері.**

Еске алу



Абдалиева Роза Мұраталықызының фәниден бақиға аттанғанына 29 тамыз күні бір жыл толады. Сағынышқа толы айлар мұңға бағырып, күн артынан күндер сырғып, сенсіз өмірдің бір жылын да артқа тастадым. Қайта оралмас сапарға аттанып кеткенін білсем де, бір жағымнан келіп қалардай елендеумен күндерім өтуде.

Күлімдеген келбетің мен мейірімге толы жанарың мәңгі есімде. Десек те, өмірдің қатал заңына бағынып, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын деп әруағыңа дұға бағыштаймыз. Бір жыл өтті көрмегелі өзінді, Еске аламын жарқылдаған жүзіңді. Еске аламын көңілді бір кезіңді, Еске түсер қызық күндер бұрынғы.

Еске алушы: Наркен.

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-12-65 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тумасы, асыл жар, ауыл-аймағына сыйлы, дос-жаранға қадірлі болған, қарапайымдылығымен ерекшеленетін асқар таудай әкеміз, немерелеріне ардақты ата бола білген руы – Тобықты-Шақа **Шакиров Боранкұл Аханұлының** 2021 жылы 20 тамызда 72

жасқа қараған шағында тосыннан өмірден өткеніне бір жылға жуықтады. Әкеміздің төрдегі орны ойсырап, сағыныштан жанымыз жабырқап жүр. Есейіп кетсек те еркелеткен жылы сөзін, алдымыздан күлімдеп шығып қарсы алатын сәттерді аңсаймыз. Алайда, тағдырдың жазуына бағынып, әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп әруағына дұға бағыштаймыз.

Жан едің жаны жайсаң, жарқылдаған, Ақкөңіл ең, пәк жүректі, аңқылдаған. Сабырлы да сымбатты бейнең қалды, Амал бар ма, жазмышқа басқа салған.

Еске алушылар: жұбайы – Аманкүл, балалары.

Әкеміздің бір жылдық асы 2022 жылдың 21 тамыз күні сағат 19.00-де Қарағанды қаласы (пр.Шахтёров, строение 10 көшесі) «Әнет баба» мешітінде құран бағыштатылып, ас беріледі. Ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жарандары, әріптестері, әкеміздің көзін көрген барша жамағатты асқа шақырамыз.

Еске алу

Аяулы да ардақты, бауыр еті баламыз **Боқантегі Жаннұр Жанболатұлы** ортамызда болғанда, 11 тамызда 16 жасқа толар еді. Пендеміз ғой бәріне көніп, шыдаған, Өмірдің жолы күрделі әрі бұралаң.

Ерте кеттің жүрекке салып қайғы-мұң, Анаң менен бауырларың қалды жылаған. Тойымсыз қара жер деңді ерте жасырды, Тия алмайсың көлдетіп көз жасыңды. Тірі болсаң, тойлар едік 11 тамызда, Ботам-ау, сенің 16-ға толған жасыңды. Нұрлы бейнең жадымызда қалар мәңгілік, Дауысың да құлақта тұрар жаңғырып. Үйге кіріп келе жатқандай боласың, Жұбатқандай жүректегі сан үміт. Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз енді тағдырың басқа салғанда. Ерте кеттің, қан жылайды жүрегіміз, Ботам-ау, өзінді сағынып еске алғанда.

Сағынышпен еске алушылар: анасы – Айнұр, ағасы – Саламат, қарындастары – Әмина, Мадина.

Аудандық «Ақтоғай ажары» газеті редакциясының ұжымы мен ардагерлері газет ардагері Нұржанова Сәбилаға інісі Азаматтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 177 жыл толуына орай Ақтоғай ауданы орталығында «Ұлы халықтың – ұлы Абайы» атты әдеби-музыкалық танымдық концерт өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты», – деген еді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы 10

«Жарқ етпес қара көңілім», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Желсіз түнде жарық-ай», «Мен бір жұмбақ адаммын» секілді өндерін әуелетіп, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ, «Балбырауын» би ұжымының мың бұралған бишілері кеш шырайын келтірді. Құлмұхаммед Ақторғай хәкімнің «29-қарасөзін» оқыса, жігіттер квартеті бұқара халықты өнеге мен тәлімге толы ақын поэзиясынан сусындатты.

Шырайлы кешті ауданның мәдени-бос уақыт өткізу орталығының директоры Нұрлан Күлшікенов қорытындылады.

–Бүгін Абай Құнанбайұлының дүниеге келген күні. «Абайды

«Абай күні» – руханият мерекесі



тамызды «Абай күні» деп белгілеген болатын. Шын мәнісінде, «Абай күні» жай ғана атаулы күн емес. «Абай күні» – руханият мерекесі. Оның терең пәлсапасы, мазмұнды һәм мағыналы қарасөздері, надан болмай, адам болуға шақыратын мәңгілік шығармалары, рухани мол мұрасы, классикалық өндері күллі адамзатқа ортақ.

Жылда атаулы датаға орай ақын күнін ел көлемінде айрықша атап өту дәстүрге айналған. Соның бір парасы күні кеше аудан орталығындағы Мәдениет үйінде «Ұлы халықтың ұлы Абайы» атты әдеби-музыкалық танымдық концерт болып өтті.

Кеш шымылдығы вокалды ансамбльдің орындауындағы «Көзімнің қарасы» әнімен ашылды. Кеш барысында аудан өнерпаздары Ғибрат Қожамбаев, Айдар Абдрахманов, Сымбат Қожамбаева, Талғат Жұмашев, Бұлбұл Мақшонова және Кәмшат Көмірбай ақынның «Сегіз аяқ»,

ардақтау – оның дүниетанымдық қағидаларын ұстану, өсиетіне адал болу деген сөз», – деген ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абай күнін мерекелеудің мақсаты мен форматын айқындап берген болатын. Ақынның сол кезде жазған шығармалары қазірдің өзінде де құндылығын жоғалтпаған. Оның әр өлеңінде айтар ой, терең мағына жатыр. Ғұлама ақынның бізге қалдырған мұрасын қастерлеу әр қазақ азаматының міндеті деп санаймын, – деп сөз сабақтаған Н.Күлшікенов «Ұлы халықтың ұлы Абайы» атты кешке қатысқаны үшін Мұхаммедәлі Көрімбек, Кәусар Мұратбек, Расул Нұрлан, Кәмшат Көмірбай, Айдар Абдрахманов және Құлмұхаммед Серікғалыұлын Алғыс хатпен марапаттады.

Сонымен қатар, бұл күні аудандық Мәдениет үйінде аудандық орталық кітапхана ұжымы Абай өлеміне қатысты кітаптардан көрме ұйымдастырды.

Думан ҚАБЫЛ.

Құттықтаймыз!

Құрметті Светлана Серікқызы!

Сізді торқалы 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге өмірдің бар жақсылығын, мықты денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр тілейміз. Арайлап атқан әр тандарыңыз тек қуанышпен атсын. Отбасы, ағайын-туыс, дос-жаранның ортасында ойнап-күліп жүре беріңіз дейміз. Шат-шадыман көңілмен бала-шағаның қызығы мен қуанышына тоймаңыз.

Деніңіз сау болып, 70-тің төрінен, жүз жастың жиегінен көріңіз. Мейірім шашқан нұрлы жүзіңізді ешқашанда мұң шалмасын, жанарыңыз жаздай жадырап, арамьзда аман-есен жүре беріңіз.

Құтты болсын туған күн, мерекеніз, Арта берсін ырыс-құт, берекеніз. Алла берген бағыңыз ортаймасын, Әрқашан көңіліңіз қартаймасын.

Ақ тілекпен: Қайырқұл-Шәмши, Сәкітай-Зоя, Рая, Мәруа, Онал, Бекет-Қапиза, Қабдырақым-Зәйра, Рысгүл, Жанат-Нәстай, Жанагүл



Құттықтаймыз!

Шабанбай би ауылының тұрғындары, ардақты жиеніміз **Құлымжанов Мәулен Әбдірашұлын** 63 – зейнеткерлік жас және жиен келініміз **Балтабаева Әсемгүл Тәжібайқызын** 60 жасқа толған мерейтойларымен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы қуанышты күні сіздерге дендеріңіздің саулығын, шанырақтарыңызға ырысбайлығын, жүректеріңізге мәңгі жастық жалының, көңілдеріңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалыптарыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіздер. Отбастарыңыздан ынтымақ, бастарыңыздан бақ таймасын! Көңілдеріңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіздер. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройларыңыз әрдайым артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына жете беріңіздер! Әрқашан бақыттың құшағында болып, бастарыңыз бір жастықта қартайсын!

Елді еңбек, қуанышты бөріміз, Зейнет жаспен құлпырады сәніңіз. Жалынды жас кейпін әлі сақтапсыз, Қуанышқа ортақ кіші-көріміз.

Игі тілекпен: нағашыларының атынан – Сағынған-Сауықтың отбасы.



Құттықтаймыз!

Өпкеміз, ата-анамыздың тұңғышы **Нұрланова Ажарды** келіп жеткен 30 жасымен құттықтаймыз!

Бүгінде саған деніңе саулық, басыңа бақ, отбасыңа амандық тілегіміз келеді. Қажыр-қайратың мықты болып, өмірдің сан түрлі асуларынан сүрінбей өтіп, алар асу-биіктерің көп болсын дейміз.

Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз. Әркез жаның жақсылыққа толы болып, өмірден көрер қызықтарың мол болсын. Жасыңа жас қосыла берсін!

Дос-жаран мен туған-туыстарыңның ықыласына бөленген өзіңе тек жақсылықтар, қуаныштар мен бақытты ғұмыр тілейміз.

Гүл көктемдей бүршік жарып, жаным, өпкем, Отыз жасқа толып жатсыз, міне, бүгін. Бұл жаңа жас көңіліңізді нұрландырып, Сыйлай берсін шаттықта өмір гүлін!

Ақ тілекпен: ата-анасы – Нұрлан-Назгүл, Думан-Асыл, Яхия, Бекнияз, Әбді-Нұр, Айсана, Айсұлтан, Ханифа, Мария.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Редактор үшін: **Д.Қабыл**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 950 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен аскан материалдар қабылданбайды.

